

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

F 96

F96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- Шоманов А.Ж., Музапарова Л.М., КушкумбаевСК Механизм предотвращения коррупции в Казахстане. //Саясат. - 2000. -№ 1 (56). - С. 29-33 (30-31).
6. Россия и коррупция: кто кого. Аналитический доклад (подготовлен Региональным общественным фондом "Информатика для демократии" (Фондом ИНДЕМ)). -М.: Совет по внешней и оборонной политике. Программа "Россия и мир", 1998. - 53 - С. (23);
 7. Сайт «Коррупции.нет» <http://corrupcia.net/aboutnews/item-148.html>
 8. <https://www.transparency.org/>

УДК 336.63

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫНЫҢ МӘНІ

Қуандық Бибіңұр Болатқызы

bibka125@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, Астана, Қазақстан
Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Слямова Б.И.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Шағын бизнес Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Себебі тәуелсіздігіне 24 жыл толған еліміздің дамуына шағын бизнесті дамыту өте қолайлы.

Нұрсұлтан Назарбаев “Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы” жарлыққа қол қойды. Президент бұл бағдарламаны бекіте отырып, бір мерзімде оны іске асыру шараларының жоспарын жасап, бекіту жөнінде үкіметке тапсырма берді.

Елімізде шағын кәсіпкерлікті қалыптастырып, дамыту жүйесі әлі де жүріп жатыр. Шағын кәсіпкерлік әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы –қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі.Осындай кәсіпкерліктің болмауынан осы ресурстар пайдаланылған болатын еді. Шағын кәсіпкерлік бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі.

Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80 % келеді

Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Бірақ ескертетін жағдай кейбір тауарларды шығару, қызмет атқару тек мемлекеттік кәсіпорынға жүктеледі, ал кейбір тауарларды өндіру үшін арнайы рұқсат керек етеді.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы бір қатар әлеуметтік проблемаларды шешуге негізделеді, соның ішінде шағын бизнес саласында жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету. Шағын кәсіпкерлі дамыту тиімділігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген, яғни шағын бизнес инвестицияға деген ең төменгі қажеттіліктер мен ұлттық өнімнің едәуір бөлігін өндіреді. Сондықтан, шағын кәсіпкерлік әлеуметтік критерийі мен тиімділік критерийіне сай келеді.

Кәсіпкерлікті дамытудың теориялық және методологиялық мәселелері отандық, сондай-ақ, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Дегенмен бұл салада жасалған жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, ол жұмыстарда негізінен, кәсіпкерлік қызметін дамытудың жалпы экономпикалық көзқарастары ғана қарастырылғандығын айтуымыз керек. XIX ғасыр басында-ақ Жан Батист Сэй кәсіпкерлікті жер, еңбек және капиталмен бірге негізгі өндіріс факторларының бірі ретінде қарастырған.

Кәсіпкерлік туралы теориялық концепция алғашқы рет 1725-1730 жылдары Ричард Кантिलлионның еңбектерінде баяндалды.

1776 жылы Адам Смит өзінің «Халық байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» атты еңбегін жазғанда, ол негізгі өндіріс факторларын бөліп көрсетті: жер, еңбек, капитал, бірақ кәсіпкердің рөлі туралы ештеме айтылмады. Тек 1810 жылы Жан Батист Сэй алғашқы рет кәсіпкерліктің рөлі мен мәнін негізгі өндіріс факторларының бірі дәрежесіне дейін көтерді.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында методологиялық дәрежеде шетелдік, атап айтқанда, американдық ғалымдармен көптеген зерттеулер жасалған. Бұл осы елдің шағын кәсіпкерлікті дамытуда 200 жылдық тарихы бар екендігін көрсетеді. Бүгінгі таңда АҚШ-та 20 миллионнан астам кәсіпорын бар және олардың 6%-і шағын және орта бизнеспен шұғылданатын кәсіпорындар. Дәл осы шағын кәсіпкерлікті басқару проблемасын дамытушы Д. Лонгенекко (Longenecker Justin G.) У. Петти (J. William Petty), К. Моор (Carlos W. Moore) сияқты американдық ғалымдар үлкен үлестерін қосты.

Шағын кәсіпкерліктің даму динамикасын талдау Шағын кәсіпкерлік республика экономикасында, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында үлкен орын алады. Бүгінгі таңда ол айтарлықтай мықты экономикалық және саяси күшке ие. Шағын кәсіпкерлік, нарықты тауарлармен және қызметтермен жабдықтауға, дұрыс бәсекенің өсуіне көмектесе отырып, экономиканың жақсы дамуының индикаторларының бірі болып табылады. Оның кейінгі бірнеше жылдағы динамикасы, бұл сектордың бастапқы кезеңінен даму кезеңіне көшкендігін көрсетіп отыр. Қазақстандағы қызмет ететін шағын бизнес субъектілерінің жалпы саны 2008 жылғы 1 қаңтарына 744,6 мың бірлікке жетті, оның ішінде заңды тұлғалардың (ұйымдардың) үлесіне 16,2%, жеке кәсіпкерлікке – 61,1%, шаруа (фермерлік) қожалықтарға - 22,7% келеді. Олардың шығарған өнімінің жалпы көлемі 2007 жылға, есептік мәліметтер бойынша 2001,7 млрд. тенгені құрады, яғни ол алдыңғы жылдың мәліметтерімен салыстырғанда 30,7% өсті.

Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігінің 2012 жылғы 1 қаңтарының мәліметтері бойынша республикада шағын кәсіпкерліктің 845 737 субъектісі тіркелген, бұл 2007 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15% көп, мұның қызмет ететіні 76% немесе 639 185 бірлігін құрайды. Тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санынан заңды тұлғалар 172 277 бірлік құрайды, оның қызмет ететіні 114 850 бірлік, жеке – 673 460 бірлік, оның ішінде қызмет ететіні – 524 335 бірлік. Тіркелген жеке кәсіпкерлер саны 476601 бірлікті құрады, оның ішінде қызмет ететіні – 363016 адам.

Республикада 190859 бірлік шаруа қожалықтары тіркелген, оның қызмет ететіні – 161 319. Шағын бизнес сферасындағы қызметкерлер саны 1 653 482 адамды құрайды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10% көп. Қызмет ететін заңды тұлғалар 553 731 адамды (33%), жеке кәсіпкерлер – 682420 адамды (41%); шаруа қожалықтарындағы қызмет ететіндер – 417 331 адамды (25%) құрады. Сауда саласында жоғары кәсіпкерлік белсенділік байқалып отыр, барлығы 554 630 адам қызмет ететін 342 235 субъект тіркелген. Құрылыста барлығы 118307 адам қызмет ететін 32021 субъект тіркелген, тұтынушыларға қызмет көрсету, жалға алу және жылжымайтын мүлік операциялары бойынша -121354 адам жұмыс істейтін 53367 субъект тіркелген. Өнеркәсіп қызметінде 98272 адам жұмыс істейтін 27499 субъект тіркелген. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнімді шығаруы 2008 жылға 1532863903,8 мың тенгені құрады, ол өткен жылдың деңгейінен 24,2% көп, оның ішінде құрылыс саласында – 259206357,9 (17 %), жеке қолданыстағы заттардың және көлік жөндеу бойынша сауда саласында 387592173,6 (25,4 %), өнеркәсіпте – 187368849,5 (12,3 %), кәсіпорындарға қызмет көрсету, жалға алу және жылжымайтын мүлік операциялары бойынша 181134699,2 (11,9%) құрады. Республиканың жалпы ішкі өніміндегі шағын бизнестің (шағын бизнес және үй шаруашылығының) үлесі 2008 жылы 30,9%-ды құрады.

Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды.

Қазірдің өзінде кәсіпкерлік Қазақстанның бүгінгі экономикасында лайықты орын алды. Шағын кәсіпорындардың соңғы жылдары күрт ұлғаюы жаңа нарықтық құрылымның

қалыптаса бастағандығының айғағы. Алайда, заңдық тұлғалардың жалпы санының 55 пайызы ғана жұмыс істегенін айтпай кетуге болмайды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2013 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша тіркелген 103721 кәсіпорынның тек 78475-і ғана жұмыс жағдайында екен. Оның тек 39907-і қаржы шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қабілетті. Яғни әр 100 кәсіпорнның тек 38-і ғана жұмыс істеуде, ал қалған заңды тұлғалар құрылудың немесе құрып кетудің алдында.

Бұдан мемлекеттің кіріс көзі болып табылады, миллиондаған адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету шағын бизнестің Қазақстандағы жағдайы көңіл қуантарлық емес екені көрініп тұр.

Жұмыспен қамтудың салалық құрылысымен қарастырсақ, бизнеспен айналысатын әрбір үшінші адам сауда жүйесінде, әрбір бесінші өнеркәсіптік өндірісте, әрбір алтыншы құрлыста еңбек етеді.

Тұрғындарды жұмыспен қамтудың жалпы саны жағынан алғанда сауда саласында 36,1 пайызы, өнеркәсіптік өндіріс орындарында 21,2 пайызы істейді, қалғандары түрлі қызмет көрсетумен айналысады. Бұл дерекерден сауда ісі әлі де басым екендігін, салалық құрылымдарда өндіріс көлемі әлі де өзгере қоймағанын көруге болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ақпаратты талдағанда агроөнеркәсіптік кешендегі шағын кәсіпкерлік қазіргі уақытта еліміздің экономикасына тиісті үлес қоса алмай отырғанын немесе табысн экономиканы сараптағанда мемлекеттің стратегиялық бағытын жүзеге асыруда шағын бизнес басты құралдардың біріне айналғаны да байқалды. Шағын кәсіпкерлік, әсіресе, агроөнеркәсіптік өндіріс саласында мықтап дамуға тиіс. Өткен жылдарды есепке алсақ, ауыл шаруашылық шикізаттың басым бөлігі республикадан тыс жерден тасмалданып, сол жерде өңделіп, дайын өнім жоғарғы бағамен қайта әкелінеді.

Мұның үстіне, тасымалдау кезінде өнім бағасы төмендеді, шығынға жол берілді. Бірқатар жаңа өнім алуға болатын қалдықтар өңделген жерлерде қалды.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіпке кірісу жүйесінде шағын кәсіпорындардың осы мәселені шешу үшін жақсы мүмкіндіктері бар.

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені мен ауыл-селоларды дамытудың басты бағыттары туралы» заңда: Агроөнеркәсіптік кешен құрамына шаруа қожалықтары, фермерлік, шаруашылықтар, өндірістік және тұтынушылар кооперативтері, ұйымдар, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы үшін өндіріске тиісті қаржы жұмсайтын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен шұғылданады, шикізаттар өндеп, олардан алынған өнімдерді сақтауды және өткізуді қамтамасыз ететін шаруашылық нысандары кіреді, - деп атап көрсетілген.

Шағын кәсіпкерлік тек бәсекелестік ғана емес, сонымен бірге, қоғамдағы техникалық прогресс пен ақпараттандырудың да лайықты ұйытқысы болып табылады. Ол шағын және орташа қалалар мен аудандар аумағында тұратын адамдардың әлеуметтік- экономикалық жағдайын жақсартуға қызымет етеді. Шағын кәсіпкерлік мемлекет тарапынан оңай қадағаланады және оны дамытуға көп шығын жұсалмайды.

Қазіргі қалыптасқан күрделі жағдайда ауыл шаруашылығындағы шағын бизнестің қарқынды дамуына тұсау болып отырған екі факторды бөліп көрсету керек. Бұл - техникалық мүмкіндіктің әлсіздігі және қаржы ресурстарының тап-шылығы. Екінші бағыт жөнінде айтатын болсақ, ауыл экономикасын қаражаттың сауықтыру тіпті күрделі.

Қорыта келгенде, Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін.

Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген. Бағдарламада шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орнының санын арттыру, айқын бәсекелестік

ортаны құру, қоғамның орташа табысы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер шешілуге тиіс: ұтымды нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырып дамыту; салалық министрліктердің өндірісте, инновацияда және басқа салада шағын бизнесті дамытуға қолдау көрсетуі; несие беру ісіне жеке сектордың араласуы; шағын кәсіпкерлікті қолдау аясындағы нормативтік – құқықтық актілерді жетілдіру

Шағын бизнестің негізгі мақсаты — халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортименттегі тауарлармен, қызметтермен толықтыру. Қорытынды ретінде, Қазақстан Республикасында халықтың әл-ауқаттылығын түбегейлі жақсарту мен экономиканы дамыту секілді қиын да игі міндеттерді атқара білетін бизнесмендер тобын жетілдіруге алып баратын әрі кәсіпкерлік қызмет саласын шабыттандыратын кәсіпкерлікті басқару ісінің мақсатты да көп деңгейлі жүйесін қалыптастырудың қажеттігін атап өтуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңы. Заң – 2006. №5, 4-20б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030 Қазақстан халқына жолдауы.
3. Нысанбаев С.Н., Қожамқұлова Ж.Т. Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдер). Алматы: ЮРИСТ, 2005.
4. Закон РК от 19 июня 2007 года, №131-1 О государственной поддержке малого предпринимательства.
5. Әубәкіров Л.Ә., Кәрібаев К., Есқалиев М. Экономикалық теория негіздері. 2005, Алматы. 8. Мадяирова Д.М., Қалдыбаева А.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар. 2004ж, Алматы.
6. Нұрғалиев Қ.Р. Қазақстан экономикасы. 2007ж, Алматы.

УДК 332.012.2

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ РЕГИОНОВ РК В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Құсайынова Айжан Кәрімқызы

indira_1404@mail.ru

магистрант Казахского университета технологии и бизнеса, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.э.н., доцент Кожаметова А.М.

В настоящее время в регионах Казахстана осуществляется активная работа в области развития программы импортозамещения и оживления деловой активности предприятий. Значительным по составу отраслей и объемам производства продукции в рамках производственной сферы народного хозяйства Республики Казахстан является промышленный комплекс. По данным Агентства Республики Казахстан по статистике, общий объем промышленного производства имеет тенденцию к росту.

Перспективные направления отраслей инфраструктурного комплекса Республики Казахстан будут определяться состоянием национальной экономики, темпами роста валового внутреннего продукта, степенью инвестиционной привлекательности, а также развитием приоритетных отраслей производственной сферы, обеспечивающей повышение конкурентоспособности продукции на внутреннем и международном рынках.

Рост объемов производства в 2015 г. к уровню прошлого года наблюдается во всех регионах республики. В сфере регионального развития в январе-декабре 2015 года